

М. УМАРОВ

АНА ТІЛІ



1

Жалпы орта білім беретін мектептердің
1-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

Үшінші басылымы



ТАШКЕНТ — «O‘ZBEKISTON» — 2013

UO'K: 811.512.122(075)
372.881.1(075)
КВК: 81.2 Qoz-9
U-58

Пікір жазғандар:

- Д. Айтбаев* — Ташкент облыстық педагогика институтының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты;
- А. Нысанбаева* — Ташкент облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру және қайта дайындау институтының оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- А. Шыныбекова* — Ташкент облысы, Бостандық ауданындағы 28-мектептің бастауыш сынып оқытушысы;
- Н. Үстемірова* — Ташкент облысы, Орта Шыршық ауданындағы 28-мектептің бастауыш сынып оқытушысы.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



— Жаңа тақырып



— Үйге тапсырма



— Сабақ аяқталды

**Мемлекеттік бюджет қоры
есебінен басылды. Тегін.**



Өзбекстан
Республикасының
Мемлекеттік Елтаңбасы



Өзбекстан
Республикасының
Мемлекеттік Туы

1. Суретте бейнеленген заттардың аттарын атаңдар.

2. Мемлекеттік рәміздерді қадір тұт, ардақта.

3. Рәміздердегі бейнеленген заттардың атын атаңдар (мақта, бидай, ай, жұлдыздар, жалын құсы).

Ана тілім

Ана тілім — ән қылып
Анам айтқан әлдиім.
Ана тілсіз мәңгілік
Келіспейді ән, күйім.

Ана тілім — бойымда
Ағып тұрған бұлағым.



Ана тілім — ойымда
Жанып тұрған шырағым.

Ана тілім толғаса,
Қай теңіз бар шайқалмас?
Ана тілім болмаса,
Ерлігім де байқалмас,
Елдігім де байқалмас.

(М. Омарұлы.)



Өлеңді жаттап алыңдар.



ДЫБЫС ПЕН ӘРІП

1-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Ана тілден дарығандай дана ақыл,
Көз алдымда қала менен дала тұр.
Маңдайдағы жалғыз бағым — туған жер,
Таңдайдағы жалғыз бағым — ана тіл.

(Т. Қайысханұлы.)

2. Өлең не туралы жазылған?

3. *Ана, тіл* деген сөздерде неше дыбыс, неше әріп бар?

4. Туылған жерің қай ел деп аталады?

2-жаттығу. 1. Суретке қарап сөйлем құраңдар.



алма



алмалар

Үлгі: Бұл — алма.

2. Дауысты дыбыс әріптерінің астын бір рет сызыңдар.

3. Алманың түсі қандай? *Алма* және *алмалар* сөзінде неше дыбыс, неше әріп бар?

4. *Алма* деген сөз бен *алмалар* сөздерінің арасында қандай өзгерістер пайда болды?



Бірінші сөз бас әріптен басталып жазылады.

Сөйлемнің соңына нүкте қойылады.

3-жаттығу. 1. Мақалды көшіріп жазыңдар.

Аталар **сөзі** —
Ақылдың **көзі**.

2. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсініп алыңдар. Осы *сөзі*, *көзі* сөздерінің мағынасы қай дыбыстардың (әріптердің) әсерінен өзгерген?

3. Қай сөздер бас әріптен бастап жазылыпты?



4-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді оқып шығыңдар.

Ташкент, Самарқан, халық, ел, мақта, қызғалдақ, өзен.

2. Әрбір сөзге сұрақ қойыңдар.

3. *Ташкент, халық, өзен* сөздерін қатыстырып, 3 сөйлем құраңдар.



5-жаттығу. 1. Жыл мезгілдерінің аттарын тап.

	Ы				
К			Т		М
Ж					
	Ү	З			

2. Әр сөзде неше дыбыс және неше әріп барын айтыңдар.


6-жаттығу. 1. Сөздерді көшіріңдер. Дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

Аға, көл, іні, дария, қарындас, өзен, апа, бұлақ.

2. Әуелі туыстық атауларды, содан соң су аттарын жазыңдар.

Үлгі: 1. Аға,
2. Көл,

7-жаттығу. 1. Суретке қарап бірнеше сөйлем құраңдар.



Үлгі: Мынау — тиін.

2. Жуан дауысты дыбысы бар сөздің астын бір рет, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздердің астын екі рет сызыңдар.

8-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазыңдар.

Т...шкент, ...ндіжан, Г...лстан, Нөк...с,
Сырд...рия, С...рхандария, Ф...рғана.

Тиісті әріптер: а, ә, ү, і, а, ұ, е.

2. Көп нүктенің орнына жазылған жуан дауысты дыбыс әріптерінің астын бір, жіңішке дауысты дыбыс әріптерінің астын екі сызыңдар.



9-жаттығу. 1. Суреттегі ұл мен қыздың және өсімдіктің атын ата.



2. Ол сөздерге сұрақ қойыңдар.



10-жаттығу. 1. Мәтінді оқыңдар.

Асан мен **Үсен** — қайырымды балалар.

Ағайынды екеуі құстарға **үйшік** жасады.

Құстар енді жылы үйшікте жасай бастайды.

Егіздерге рақмет.

2. *Асан, Үсен, үйшік* сөздеріне дыбыстық талдау жасаңдар.



11-жаттығу. Көп нүктенің орнына сөздердің қарсы мағынасын тауып жазыңдар.

Суық — | Ұзын — | Ақ —
Ащы — | Жуан — | Жұқа —

Үлгі: суық — ыстық,

12-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Шырша

Қызық-думан күн келді,
Жасыл шырша түрленді,
Аяз сүйіп, терледі,
Үйге кірді, төрледі.

Сылдырлайды моншағы,
Шыршамыздың мол шамы,
Бізбен бірге жайдары
Жарқырады, жайнады.

Арайланды шыршамыз,
Айналамыз баршамыз!

(Әділбай Табылдиев.)

2. Өлеңде қай ағаш туралы айтылған?

13-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

қыс келді күн райы өзгерді аппақ
қар жауды балалар жылы киінді

2. Әр сөйлемнің бірінші сөзін бас әріптен бастап жазыңдар. Сөйлемнің соңына нүкте белгісін қойыңдар.

14-жаттығу. 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар.

Сан — сән.	Тіл — піл.	Сөз — соз.
Іні — ірі.	Ту — су.	Шай — сай.

2. Әр жұптағы сөз мағынасы қай дыбыстардың әсерінен өзгеріп тұр?



ӘРІП — ДЫБЫСТАРДЫҢ ТАҢБАСЫ

Дыбыстарды естиміз, айтамыз.
Әріптерді көреміз және жазамыз.
Әріптердің бас әріппен және кіші
әріппен жазылатын түрлері бар.

15-жаттығу. Алфавиттегі 42 әріптің өз атын дұрыс айтып, тізілу тәртібі бойынша жаттап алыңдар.

Баспа түрі	Жазба түрі	Айтылуы	Баспа түрі	Жазба түрі	Айтылуы
А а	<i>А а</i>	а	П п	<i>П п</i>	пе
Ә ә	<i>Ә ә</i>	ә	Р р	<i>Р р</i>	эр
Б б	<i>Б б</i>	бе	С с	<i>С с</i>	эс
В в	<i>В в</i>	ве	Т т	<i>Т т</i>	те
Г г	<i>Г г</i>	ге	У у	<i>У у</i>	ұу, у
Ғ ғ	<i>Ғ ғ</i>	ға	Ұ ұ	<i>Ұ ұ</i>	ұ
Д д	<i>Д д</i>	де	Ү ү	<i>Ү ү</i>	ү
Е е	<i>Е е</i>	е	Ф ф	<i>Ф ф</i>	эф
Ё ё	<i>Ё ё</i>	йо	Х х	<i>Х х</i>	ха
Ж ж	<i>Ж ж</i>	же	Һ һ	<i>Һ һ</i>	һа
З з	<i>З з</i>	зе	Ц ц	<i>Ц ц</i>	це
И и	<i>И и</i>	ый, ій	Ч ч	<i>Ч ч</i>	че
Й й	<i>Й й</i>	қысқа и	Ш ш	<i>Ш ш</i>	ша
К к	<i>К к</i>	ка	Щ щ	<i>Щ щ</i>	ща
Қ қ	<i>Қ қ</i>	қа	Ъ ъ	<i>Ъ ъ</i>	айыру белгісі
Л л	<i>Л л</i>	эл	Ы ы	<i>Ы ы</i>	ы
М м	<i>М м</i>	эм	І і	<i>І і</i>	і
Н н	<i>Н н</i>	эн	Ь ь	<i>Ь ь</i>	жіңішкелік белгісі
Ң ң	<i>Ң ң</i>	эң	Э э	<i>Э э</i>	э
О о	<i>О о</i>	о	Ю ю	<i>Ю ю</i>	йу
Ө ө	<i>Ө ө</i>	ө	Я я	<i>Я я</i>	й



16-жаттығу. 1. Алфавит тәртібі бойынша берілген мына сөздерді көшіріп жазыңдар.

Аққу, өтеш, балық, вагон, газет, ғалым.

2. Сөздерді қатесіз көшіріңдер.

Аққу, бұлбұл, үкі, сауысқан, торғай.

3. Сөздердегі дауысты дыбыстарды көшіріңдер.



17-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Есік

Көмектесем анама,
Тербетемін бесікті.
Кіріп-шықсам далаға,
Жауып жүрем есікті.

(Ауыт Мұқибекұлы.)

2. Өлеңдегі сөздерден жуан дауысты дыбыстарды табыңдар.

Дыбыстарды таңбалайтын әріптер дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді.

Дауысты дыбыс әріптері: **а, ә, е, ё, и, о, ө, ұ, ү, ы, і, э, ю, я, (у).**

18-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті дауыстыларды қойып оқыңдар.

Ар..., ...теш, шоф...р, ...не, д...п, ...рік, б...лт, ...кі, қоң...рау, түлк...

Көп нүктенің орнына пайдаланылатын әріптер: і, а, и, е, о, ө, ұ, ү, ы, ә, ё.

19-жаттығу. 1. Сөздерді оқыңдар.

Сүт тағамдары

Айран, балқаймақ, кілегей, қаймақ, сүт, іркіт, уыз, ірімшік, құрт, қымыз, шұбат.

2. Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді теріп жазыңдар.

Үлгі: айран, шұбат,

20-жаттығу. Көп нүктенің орнына жуан дауысты дыбысты қойып, көшіріп жазыңдар.

Ата

Ат... — үлкен, к...ріміз
Қуат бер...р дәріміз.
Әлиедей аял...п,
Ард...қтаймыз бәріміз.



21-жаттығу. 1. Әр сөзде қандай дауысты дыбыс бар екенін айтыңдар.

Өзбекстан — Отаным

Қырандайын бұлқынған,
Еркіндікке ұмтылған,
Егеменді **нұр** тұлғаң,
Бүгін **ғажап** құлпырған
Өзбекстан — Отаным!

(Ү. Өмірзақов.)

2. Қарамен жазылған сөздердегі дауысты дыбыс әріптерінің астын сызыңдар.





ЖУАН ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР МЕН ӘРІПТЕР

Жуан дауысты дыбыстар мен әріптер мыналар: **а, о, ы, ұ, у.**

22-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазыңдар.

Бақа



— Бақа, бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ?
— Темір телпек көп киіп,
Басым содан жалпақ.

(Халық ауыз әдебиетінен.)

2. Сөздерден жуан дауысты дыбыстарды тауып, астын сызыңдар.

23-жаттығу. Әріптердің баспа түрі мен жазба түріне назар аударыңдар. Әрбір жуан дауысты дыбысқа екі-екіден сөз ойлап табыңдар.

Аа Аа Оо Оо Ыы Ыы Ұұ Ұұ

24-жаттығу. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

2. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар нешеу? Оларды атаңдар.



25-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып оқыңдар.

Қоза

Жаз шықты. Ыст...қ күндер басталды. Бірақ қ...залар жайқал...п өсуін тоқтатқан жоқ. Олар күн н...рын ұнатады.

Ж...з ортасында қозал...р көсект...йді.

Тиісті әріптер: ы, о, ы, ұ, а, а, е.

26-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті жуан дауысты дыбыстарды қойып жазыңдар.

Ар..., ал..., қал..., қоз..., ат..., қар..., бал... .

2. Сөздің мағынасы өзгергенін байқаңдар.

27-жаттығу. 1. Сөздерді оқыңдар.

Ат, ай, аю, ағаш, қант, бала, от, орақ,
бота, ошақ, ыдыс, ырыс, ынтымақ, ылди, ұл,
ұлан, құлан, бұлбұл.

2. Әрбір сөздегі жуан дауысты дыбыс-
тарды атаңдар.

28-жаттығу. 1. Суреттегі заттардың атын
атаңдар.



2. Әрбір сөзде неше дауысты дыбыс
бар?

3. Бұл дауысты дыбыстардың қандай
дауысты дыбыстар екенін айтыңдар.



ЖІҢІШКЕ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР МЕН ӘРІПТЕР

Жіңішке дауысты дыбыстар мен
әріптер мыналар: **ә, е, ө, і, ү, э, и, (у).**



29-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына жіңішке дауысты дыбыстардың тиістісін қойып оқыңдар.

Тәуірбек пен күшік

Ш...уілдеді күнімен
К...ршіміздің күшігі.
«Білейінші мұны мен,
Мезі етті ғой кісіні», —
Деп қарасам, ш...уілдеп,
Күш...к әлі үріп тұр.
Ал тілазар Тәуірбек
Кес...к атып, к...ліп тұр...



(Т. Айдаров.)

2. Көп нүктенің орнына қойылуға тиісті әріптер: *ә, ө, ә, і, е, ү.*

3. Сөздерді салыстырып оқыңдар:

Ұрып — үріп. Құлып — күліп. Тұр — түр.
Соз — сөз.

30-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазыңдар.

Айгөлек

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.

Күндей нұрлы шағымда
Күнге жетем өрмелеп.

(Халық ауыз әдебиетінен.)

2. Сөздерден жіңішке дауысты дыбыстарды тауып, астын сызыңдар.

31-жаттығу. 1. Сөздерді дауыстап оқыңдар.

Ән, әйнек, сән, дән, емен, кеме, кептер, өрік, көбелек, көйлек, көз, ін, іні, білім, үкі, күн, күз, түлкі.

2. Әрбір сөздегі жіңішке дауысты дыбыстарды атаңдар.

3. Өздерің жіңішке дауысты дыбысы бар бірнеше сөз ойлап жазыңдар.



32-жаттығу. 1. Жаңылтпашты түсініп оқып, көшіріп жазыңдар.

Тайғанақта қай тай тайды,
Тағалатпаған тай тайды.

2. Сөздердегі дауысты дыбыстардың біркелкі жуан айтылғанын байқаңдар.


33-жаттығу. 1. Мақалды оқыңдар. Әр сөзге сұрақ қойыңдар.

Мақал

Елдің көркі — елімен,
Отан көркі — жерімен.

2. Сөйлемдегі жуан дауысты дыбысы бар сөздің астын бір рет сызыңдар.

34-жаттығу. 1. Суреттегі заттардың атын атаңдар.



2. Әрбір сөзде неше дауысты дыбыс бар?

3. Бұл дауысты дыбыстардың қандай дауысты дыбыстар екенін айтыңдар.



35-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Отан

Кеудемдегі жаным — Отан,
Жүректегі жырым — Отан.

Тамырдағы қаным — Отан,
Көзімдегі нұрым — Отан.

Онсыз көзге көрінбейді
Дүниенің бар асылы.
Отан — мынау өмірдегі
Бар бақыттың жарасымы!

(Т. Убайдуллаев.)

2. Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді атаңдар.

3. Жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді атаңдар.



36-жаттығу. Көп нүктенің орнына берілген жіңішке дауыстылардың тиістісін қойыңдар.

Тұтастай с...зді оқысаң,
Б...р жеті сынған тісің де.
Бастапқы ...рпін қысқартсаң,
Аяқкиім киер ісіңд... .

Керекті жіңішке дауыстылар: ө, а, ә, е.

37-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына берілген жуан дауысты дыбыстардың жіңішке сыңарларын тауып жазыңдар.

Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ы, ұ.
Жіңішке дауысты дыбыстар:

2. Жуан және жіңішке дауыстыларға қатысты сөздерді айтыңдар.

Үлгі: Ана.

38-жаттығу. 1. Сөздердің дыбысталуын салыстырып оқыңдар.

ал — әл

сырға — сірге

сал — сәл

ыстық — істік

сан — сән

қиып — киіп

2. Жұптастырылған сөздердегі а, ә, ы, і дауысты дыбыстарының өзара ұқсас дыбысталуын байқаңдар.

3. Сөздерді жуан және жіңішке етіп тұрған дауысты дыбыстарды айтыңдар.

39-жаттығу. Көп нүктенің орнына жіңішке дауыстылардың тиістісін қойыңдар.

Анам менің

Анам — м...нің к...ктемім,
Көктемде мен көктедім.



Ж...рде өстім жайқалып,
Нұрландырды көкте к...н

(Р. Мұхитдинов.)

Көп нүктенің орнына қойылуға тиісті әріптер: е, ө, е, ү.

40-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазыңдар.

Күнбағыс



Бақшаның сәні де,
Көркі де — күнбағыс.
Күнұзын бәрі де
Қарайды Күнге алыс.
Ұқыптап тараған,
Әдемі кекілді.
Ұстазға қараған
Шәкірттер секілді.

(М. Жаманбалинов.)

2. Жіңішке дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

3. Өлеңнің мазмұнын әңгімелеп беріңдер.

4. Салыстырып оқыңдар:

Көрік — көркі. Сан — сән. Шақырт — шәкірт.

41-жаттығу. 1. Сөздерді оқыңдар.

Әндіжан, Гүлстан, Нөкіс, Үшқұдық, Ферғана.

2. Сөздерде жуан дауыстылар мен жіңішке дауыстылардың аралас келгенін байқаңдар.

3. Бұл қалаларды білесіңдер ме?



42-жаттығу. 1. Мына сөздерді көшіріп жазыңдар.

Ташкент, Шымкент, Бектас, Сәрсенбай, Ержан.

2. *Қала, адам* аттары болған сөздерде де жуан дауысты дыбыс пен жіңішке дауысты дыбыстардың аралас келгенін байқадыңдар ма?



ДАУЫССЫЗ ДЫБЫС ӘРІПТЕРІ

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыс әріптері мыналар: **б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, Һ, ц, ч, ш, щ, (у).**

43-жаттығу. 1. Дауыссыз дыбыс әріптерін дұрыс айт. Дауыссыз дыбыс әріптерінен басталған және дауыссыз дыбыс әріптеріне аяқталған сөздерді атаңдар.



2. Суреттегілердің атын жазыңдар.

3. Бірінші суреттегі сөзде неше дауысты дыбыс бар?

4. Екінші суреттегі сөзде неше дауыссыз дыбыс бар?

5. Суреттегі қай сөздер дауыссыз дыбысқа аяқталған?



КІШІ ӘРІП ПЕН БАС ӘРІП

Әріптер *кіші* әріп, *бас* әріп болып екіге бөлінеді. Белгілі бір заттың аттары кіші әріппен жазылады. Мысалы: *дәптер, қалам, кітап, қарындаш, өшіргіш, сия.*

Республиканың, облыстың, ауданның, ауылдың, қаланың, таудың, өзеннің, көлдің және төбенің аттары бас әріптен бастап жазылады. Мысалы: *Өзбекстан республикасы, Сырдария облысы, Сайхұнабат ауданы, Қаржау ауылы.*

44-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, бас әріптен бастап жазыңдар.

... күтімі жақсы.

... құстарға тас атпайды.



Керекті сөздер: құстардың, балалар.

2. Алғашқы сөйлемде құс сөзі неліктен бас әріппен жазылған?

3. Екінші сөйлемде құс сөзі неліктен кіші әріппен жазылған?





БАС ӘРІПТЕН БАСТАП ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

Сөйлем бас әріптен бастап жазылады.

45-жаттығу. 1. Мәтінді оқып шығыңдар.

Таң атты. Егіс даласы. Қара жер. Көк аспан. Жаратылыс жарқырап тұр.

2. Мәтінде неше сөйлем бар?

3. Әр сөйлем қай әріптен бастап жазылыпты?

46-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.



Көктем гүлі — даланың,
Көркі, сәні, ажары.
Біз боламыз ананың
Бақыты мен базары.



(Ш. Әлдибекұлы.)

2. Өлеңнің мазмұнын айтыңдар.

3. Бас әріппен жазылған сөздердің астын сызыңдар.



47-жаттығу. 1. Мәтінді көшіріңдер.

1. Көмекке біз барамыз. 2. Гүлді текке жұлмаңдар. 3. Кешке той басталды. 4. Бөпем анаға күлімдеді.

2. *Біз, текке, той, анаға* сөздері неге бас әріппен жазылмады?



Адамдардың аты-жөні бас әріптен бастап жазылады.

48-жаттығу. 1. Суреттегі бабалардың атын естулерің бар ма? Мәтінді кезектесіп оқыңдар.

— Басына сәлде ораған қай ата?

— Әлішер Науаи бабамыз.

— Тақиялы кісі кім?

— Бұл — Абай Құнанбаев бабамыз.

— Олар не жазған?

— Екеуі де өлең жазған.

2. Адам аттары қай әріптен бастап жазылыпты?



49-жаттығу. Суреттегі балаларға ат-жөн қойып, сөйлем құраңдар.



Үлгі: Мынау — Асан. Ол Тойтөбеде тұрады.



50-жаттығу. 1. Әр сөйлемнен соң дауыс кідірісін жасап оқыңдар.

Бүгін **Мақсат** кезекші болды. Ертең **Арман** кезекші болады. **Игілік** кезекші болғанда да сынып таза тұрады.

2. Қарамен жазылған сөздерді көшіріп жазыңдар.



БУЫН



Дауысты дыбыстарды қайталайық. Олар мыналар: **а, ә, е, ё, и, о, ө, ұ, ү, ы, і, э, ю, я, (у).**

Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады: от, а-та, ме-ре-ке, бей-біт-ші-лік.

Мысалы: **өс, өн, тас, бес** деген сөздерде дауысты дыбыс біреу-ақ. Сондықтан бұлар—бір буынды сөздер. **Ұс-таз, ұш-қыш, дүр-бі, сүр-гі** деген сөздерде екі-екіден дауысты дыбыс бар. Бұлар екі буынды сөздер деп аталады. **Қар-лы-ғаш, а-рыс-тан** деген сөздерде үш-үштен дауысты дыбыс бар. Бұлар үш буынды сөздер қатарына жатады.

51-жаттығу. 1. Сөздерді буынға бөліп оқыңдар.

ана	шана	бөрік	ою
·_·	··_·	··_··	·_·

2. Сөздегі буындардың неше дыбыстан құралғанын айтыңдар.

52-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді буынға бөліңдер.

Торғай, ары, ию, бала, бұлбұл, сая.

2. Сөз буындарының неше дыбыстан құралғанын айтыңдар.

3. Дауыссыз дыбыстардан басталған сөздерді айтыңдар.

53-жаттығу. 1. Сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, сің.

2. Бірінші буынның неше дыбыстан құралғанын айтыңдар.

54-жаттығу. Буынға бөлінген сөздерді оқыңдар.

шерт-пе

....-..

төрт-те

....-..

жұ-мырт-қа

..-.....-..

құ-мырс-қа

..-.....-..

ы-мырт

.-.....

шо-мырт

..-.....

55-жаттығу. 1. Буынға бөлу кестесіне көңіл бөліңдер.

2. й, у, ң дыбыстарының екі дауысты дыбыстардың ортасында келіп тұрғанын байқаңдар.

Буынға бөлу үлгісі	й, ң, у дыбыстарынан басталатын буындар
мо-йын ...ҕ...	Жайық, ойыншық, жайын ...ҕ..., .ҕ...ҕ...,..., ...ҕ...
қо-ңыр ...ҕ...	жаңылтпаш, жеңіл ...ҕ.....ҕ..., ...ҕ...
са-уық ...ҕ...	тауық, бауыр, дауыс ...ҕ..., ...ҕ..., ...ҕ...

56-жаттығу. 1. Екі буынды сөздерді табыңдар.

Қар бүгін ереді. Күн біраз жылынды. Мал көкке жайылды. Шымшық ағашқа қонды. Айдана шаңғы ұшты.

2. Мына сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

шаңғы	біраз	еріді	ағашқа
...ҕ..	...ҕ...	.ҕ...ҕ..	.ҕ...ҕ..

3. Дауыссыз дыбыстардың буын басында және буын соңында да келуіне көңіл бөліңдер.



57-жаттығу. 1. Суретте бейнеленген заттардың атын атаңдар.



құ-...

дом-бы-...

ке-сі-рет-...



2. Көп нүктенің орнына тиісті буынды жалғап, көшіріп жазыңдар.

3. Әр сөзде неше дауысты дыбыс және қанша буын бар?



58-жаттығу. 1. Мақалдарды оқып шығып, сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Алтын алма, алғыс ал.

Өнерлінің өрісі ұзақ.

2. Сөйлем құрамындағы сөздер қандай дыбыстардан құралған?

59-жаттығу. 1. Мәтінді мәнерлеп оқыңдар.



Ұялып қалды

Көктемде Серік пен Берік алма түбін қопсытты. Ерік көмектеспей, теріс айналып тұрды. Жазда алмалар пісті. Серік пен Берік Ерікке алма берді. Серік Еріктен:

— Шырын ба екен? — деп сұрады.
Ерік ұялғаннан қызарып кетті.

(«Балдырған» журналынан.)

2. Мәтіндегі кісі аттары мен жеміс ағашының атын буынға бөліп жазыңдар.





ТАСЫМАЛ

Сөз жолға сыймай қалса, онда ол буынға бөлініп, екінші жолға жазылады. Мұны *тасымал* деп атаймыз.

Бір буынды сөздер тасымалданбайды: ат, от, қант, кент.

Бір дыбысты буыны бар екі буынды сөздер де тасымалданбайды: Ө-мір, ө-зен, ми-я, си-я.

60-жаттығу. Екінші жолға бөлініп жазылған сөздерді көшіріп жазыңдар.

Алма	ал- ма	алма- лар	алмалар- ға
Көбелек	кө- белек	көбе- лек	көбелек- ке

61-жаттығу. Тасымалданбайтын бір буынды сөздерді теріп жазыңдар.

Көлшік, көл, көктем, көк, байлық, бай, қой, қойшы, бал, балық, көз, көзілдірік.

62-жаттығу. Суреттегі заттардың аттарын тасымалдап жазыңдар.



Үлгі: то-тықұс,



63-жаттығу. 1. Сөздерді алдымен тұтас, кейін буынға бөліп оқыңдар.

Дала, домбыра, Дидарбек, данышпан, елік, өзен, құстар, қоңырау.

2. Берілген сөздерді буынға бөліп, көшіріп жазыңдар. Дауысты дыбыстардың астын бір, дауыссыз дыбыстардың астын екі сызыңдар.



А, Ә ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРЫ



А дыбысы — жуан дауысты дыбыс: аға, жаға, бала.

64-жаттығу. 1. **А** әрпінен басталатын сөздерді көшіріп жазыңдар.

Ар, ал, ақ, ата, ана, аспан, Асқар.

2. **Ата, ана, Асқар** сөздерін қатыстырып, үш сөйлем құраңдар.

65-жаттығу. **А** әрпінің дыбысталуы мен жазылуына көңіл бөліңдер.

Жұмбақ



Алма дерсің
Түсіне қарап.
Жүгері дерсің
Ішіне қарап. (□□□□.)

(Т. Айдаров.)

А дыбысы сөздің басында, ортасында және соңында да кездесе береді.

66-жаттығу. Жұмбақты оқыңдар.

Әліппелік жұмбақ

Бақшада бар екеуі,
Тағы екеуі шақшадан.
Таптық және екеуін
Қалта менен бақшадан

(А әрпі.)

Жұмбақтың шешуі болған сөздерді теріп жазыңдар.



Ә дыбысы — жіңішке дауысты дыбыс: әже, әке, әпке (әпше).



67-жаттығу. Көп нүктенің орнына **а** дауысты дыбысын қойып оқыңдар.


...Қ, ...Ғ..., С...Н..., КІТ...П, ЕМХ...Н... .

68-жаттығу. 1. Сөздерді көшіріп жазыңдар. **Ә** дыбысының қай дауысты дыбысқа ұқсайтынын айтыңдар.

Ән, сән, әк, әке, әкел, әскер, дән, дәулет, әңгіме, мәз.



әтеш



сәбіз



әңгелек

2. Суреттердің астындағы сөздерді дұрыс оқыңдар. Осы үш сөзді қатыстырып, сөйлем құрастырып жазыңдар.

Ә дыбысы көбіне сөздің басында, ортасында және соңында да кездеседі: әскер, кәмпит, кінә, кәрзеңке.

69-жаттығу. Өлеңде жасырылған әріпті табыңдар.

Әкеде бар, әнде бар,
Әжеде бар, сәнде бар.

(С. Мұсақыпұлы.)

70-жаттығу. Көп нүктенің орнына **ә** дауысты дыбысын қойып оқыңдар.

...н, ...ке, ...же, Д...улет, д...рігер, ...сем,
т...рбие, ...мір.

71-жаттығу. 1. Қарамен жазылған сөздерді дауыстап оқыңдар.

Әндіжан — облыс орталығы. **Әлия** — өте зейінді қыз. **Әже** — әкең мен анаңның анасы. **Әдеп** — адамдықтың белгісі.

2. Жаңылтпаштағы адам аттарын бас әріптен бастап жазыңдар.

Жаңылтпаш

— Әсем Әшен бе,
Әжем әсем бе?
— Әшен де әсем,
Әжем де әсем.

(С. Қалиұлы.)



72-жаттығу. 1. Жұмбақты мәнерлеп оқып, көшіріп жазыңдар.

Алфавиттік жұмбақ

Әлімде бар,
Анарда жоқ.
Сәлімде бар,
Жанарда жоқ. (Ә әрпі.)

(Б. Қыдырұлы.)

2. **Ә** әрпі бар сөздердің астын сызыңдар.

3. *Әлімде, Сәлімде және Анарда, Жанарда* сөздерінде қай дауысты дыбысы бар?





О, ө ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРЫ

О дауысты дыбысы **Оо** (дөңгелек) белгісімен таңбаланады.

73-жаттығу. 1. Сыныптастарыңның арасында есімдері **О** әрпінен бастап жазылатын оқушылар да бар.

Омар, Оңғар, Олжа, Орынгүл, Ортай, Ордабек, Орынша, Оспан.

2. Бас әріптен бастап жазылған адам аттарын қатесіз көшіріп жазыңдар.

О дыбысы — жуан дыбыс.

Сөздің басында, ортасында көбірек келеді. Сөздің соңында да келеді: кино, пианино.

74-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, мәтінді көшіріңдер.

1. ...сы сәтті Оспан да күтіп еді.
2. ...рынбек қолжуғышқа су құйды. 3. Оспан беті-қ...лын жуды. 4. Сау б...ламын десең, таза жүр.

75-жаттығу. 1. **О** дауысты дыбысы сөздің қай буынында тұрғанын айтыңдар.

Орақ, самбо, долана, домбыра, Байқоңыр, қонақ, орман.

2. Мына сөздерді буынға бөліп жазыңдар:

Шоқан, Шолпан, Ботакөз, Жанболат.

3. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жазыңдар.

Үлгі: Шоқан — үлкен ғалым.

76-жаттығу. Төмендегі суретте кім, не бейнеленген? Атын атап жазыңдар.



О әрпінің астын сызыңдар.



77-жаттығу. 1. Мақалдарды мәнерлеп оқып, көшіріп жазыңдар.

Отан — оттан ыстық.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

2. Мақалдардан **о** дыбысы бар сөздерді тауып, астын сызыңдар.

78-жаттығу. 1. Жаңылтпашты тез оқыңдар.

Торта

Торта қойдым,

Орта қойдым.

Орта қойдым,

Жорта қойдым.

(Халық ауыз әдебиетінен.)

2. **О** әрпінің қай буында келіп тұрғанын айтыңдар.



79-жаттығу. Сөздерді дұрыс оқыңдар. **Ө** дауысты дыбысы сөздің қай буынында тұрғанын айтыңдар.

Өн, өріс, көбелек, Төлеген, өсімдік, өшіргіш, өзен, көз, көл, көмір.

Ө дыбысы — жіңішке дауысты дыбыс: өмір, өңір, көбелек. Сөздің соңында **ө** дыбысы кездеспейді.

80-жаттығу. Суреттегі заттардың атын атап, көшіріп жазыңдар.



81-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазыңдар.

...мір, к...мір, ш...п, к...ктем, к...мекші.
Өнерлінің ...нерін үйрен.



82-жаттығу. 1. Сөздердің дыбысталуын салыстырып оқыңдар.

- | | |
|---------------|-------------------|
| 1. Он — өн. | 4. Орыс — өріс. |
| 2. От — өт. | 5. Ор — өр. |
| 3. Қол — көл. | 6. Соғыс — сөгіс. |

2. Қатар тұрған сөздердің мағыналық айырмашылықтары неге байланысты екенін айтыңдар.





Ы, І ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРЫ

83-жаттығу. 1. Сөздерді оқыңдар.

Ыс, ыстық, ырыс, ынтымақ, сыпырғыш, алты, жыл, қымыз, бұғы, Ыбырай.

2. Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбыстарды қойып көшіріңдер.

...д...с, тоғ...з, ...лди, ...қ...лас, ...р...ст..., сар..., ж...лан, қоң...р.

Ы дыбысы — жуан дауысты дыбыс: ырыс, ылди, алты.

Жуан буында **ы** жазылады: ба-лық, ха-лық.

84-жаттығу. Суретте кім, не бейнеленген? Атын атап, буынға бөліп жазыңдар.





85-жаттығу. 1. Өтірік өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Тауды түртіп құлаттым,
Шерткен тасым ұн болды.
Талды тартып сұлаттым,
Басыма кеп күн қонды.

(Ы. Қасымов.)

2. Өтірік өлеңнің мазмұнын айтыңдар.

3. **Ы** дауысты дыбысы бар сөздерді көшіріп жазыңдар.



86-жаттығу. Берілген сөздерді тұтас оқыңдар.

Із, ізет, ізгілік, Ізтай, ірімшік, түлкі, түлік, бір, білім, бөлім, тіс, бөрік.


І дыбысы — жіңішке дауысты дыбыс: іл, ілгіш, білім.

Жіңішке буында **і** жазылады: ірі, бір, іні, ілім.

87-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

...зет апай нан жапты. К...шкентай
немерес...не күлше берд... . Күлше
төтт... екен.

2. Суретте не бейнеленген? Атын атап,
буынға бөліп жазыңдар.



ы, і дыбыстарына аяқталған заттың қимылын білдіретін (оқы, тоқы, өрбі) сөздерге **у** дыбысы қосылғанда, соңғы **ы, і** дыбыстары түсіп қалады.



88-жаттығу. 1. Көшіріп жазыңдар.

1. Оқ**ы** — оқу.

4. Алт**ы** — алтау.

2. Шоқ**ы** — шоқу.

5. Жет**і** — жетеу.

2. Салыстырып оқыңдар. Соңғы **ы, і** дыбыстарының түсіп қалғанын байқаңдар.

89-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Пәлегі таза қауынның
Түйнегі таза болады.

Жүрегі таза адамның
Түйгені таза болады.

(Ж. Бұғыбаев.)

2. Өлеңдегі **і** дауысты дыбысы бар сөздерді көшіріп жазыңдар.

І — жіңішке дауысты дыбыс. **Пәлегі, түйнегі, жүрегі, түйгені** деген сөздегі үш буын да жіңішке буындар екенін аңғарыңдар.

3. **Ы** дауысты дыбысы дыбысталуы жағынан **і** дауысты дыбысына ұқсайды.

Салыстырып оқыңдар:

Ыс — іс, тыс — тіс.



Ұ, Ү ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРЫ

90-жаттығу. 1. Суретте бейнеленген заттардың аттарын атаңдар.



2. Осы сөздерді қатыстырып төрт сөйлем құраңдар.

Үлгі: Тікұшақ ұшты.

91-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті ұ дауысты дыбысын қойып, көшіріп жазыңдар.

Ж...рт, б...лт, қ...рт, ...шқыш, т...р, ...л.

92-жаттығу. 1. Сөздердің қарсы мағынасын ойлап табыңдар.

1. Қатты —

3. Дұрыс —

2. Қыз —

4. Отыр —

2. Ұ дыбысы бұл сөздерде жуан айтылып тұр ма әлде жіңішке айтылып тұр ма?

93-жаттығу. 1. Жаңылтпашты оқыңдар. Кіші әріппен жазылған сөздерді бас әріптен бастап жазыңдар.



ұқыпты бала
кітапты түптеп тастады.
ұқыпсыз бала
кітапты бүктеп тастады.

2. **Ұ** дыбысынан басталған сөздердің астын бір сызыңдар.

Салыстырып оқыңдар:

Тұр — түр. Сұр — сүр. Бұр — бүр.



Ұ — жуан дауысты дыбыс. **У** дауысты дыбысы **ү** жіңішке дауысты дыбысына ұқсас дыбысталады:

ұн — үн, тұр — түр, жұқ — жүк

94-жаттығу. Сөздің алғашқы буынын бөліп жазыңдар.

Құлақ, құлақшын, бұлбұл, Бұхара, құлпынай, Нұрбек, Нұралы, жұмбақ.

Үлгі: құ-лақ, құ-лақшын,



95-жаттығу. 1. Әңгімені оқып, мазмұнын әңгімелеп беріңдер.

Үй құстары

Үй құстары адамға көп пайда келтіреді. Құстардан ет, жұмыртқа алынады. Құстың жүнінен жастық жасалады.

2. **Ү** дауысты дыбысы бар сөздерді теріп жазыңдар.



96-жаттығу. Суреттегі заттардың атын атап, буынға бөліп жазыңдар.



...-кі



т...л-кі



ж...-зім

97-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына **ү** дауысты дыбысын қойып, буынға бөліңдер.

...міт, ...лкен, ...ңгір, т...н, т...йме, ж...рек, к...шік, ...йрек, т...лкі.

2. **Ү** дауысты дыбысының **ү** дауысты дыбысына ұқсайтынын аңғарыңдар.

Ұн — үн, ұмыт — үміт.



98-жаттығу. 1. Жаңылтпаштарды көшіріп жазыңдар.

Үш қышқа ұшқыш үш құс қонды.

Үйір-үйір үйректі үйірге кім үйретті?

2. Салыстырып оқыңдар: ұш-ұш, құс-күс.



ЖУАН АЙТЫЛАТЫН СӨЗДЕР



Сөз ішіндегі дауысты дыбыстар жуан болса, сөз де жуан айтылады.

Мысалы: *отан, асыл, бала, қоян, құлын, тай.*

99-жаттығу. 1. Өлеңді дауыстап оқыңдар.

Ғылым таппай, мақтанба,
Орын таппай, баптанба.

(Абай.)

2. Дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

100-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына **а, о, ы, ұ** сияқты жуан дауысты дыбыстардың тиістісін қойып көшіріңдер.

Д...ла, қал..., ...тан, Қ...зы, от...з, алп...с,
жаңб...р, ...дыс, ...ста, ...я, Қ...рылыс.

2. Сөздердің не себептен жуан айтылатынын түсіндіріңдер.

101-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.



Әже

Мейірімі — жел жібек,
Күндей ыстық құшағы.
Ет жүрегі елжіреп,
Құлыным деп құшады.

2. Жуан айтылған сөздерді атаңдар.

3. Жуан дауысты дыбыстарды еске түсіріңдер.

102-жаттығу. 1. Жұмбақты оқып, шешуін табыңдар.



Өз қалпағын жасынан
Тастамайды басынан.

(К. Әмірбеков.)

2. Неше сөз жуан айтылған?



103-жаттығу. 1. Салыстырып оқыңдар.

- | | |
|---------------|-------------------|
| 1. Жал — жел. | 4. Шаш — шеш. |
| 2. Жар — жер. | 5. Қозы — көзі. |
| 3. Бал — бел. | 6. Тарақ — терек. |

2. Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді теріп жазыңдар.



ЖІҢІШКЕ АЙТЫЛАТЫН СӨЗДЕР

104-жаттығу. 1. Мақалдарды көшіріңдер.

Әр түлік төлден өседі. Көктемгі әрекет — күзгі берекет.


2. Жіңішке дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

Сөз ішіндегі дауысты дыбыстар жіңішке болса, сөз де жіңішке айтылады.

105-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Ана

Күлімдеген көзіңнен
Күн мейірімі сезілген.



Бұл жалғанда балаңа
Жақын жан жоқ өзіңнен.

(Ә. Дүйсенбиев.)

2. Жіңішке айтылған сөздерді табыңдар.

3. Сөздердің жіңішке айтылу себебін түсіндіріңдер.



106-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазыңдар.

Атасы да әб...г...р,
Әж...с... де әбігер.
Қылығына Қас...ннің
Қынжылады к...рілер.

(Б. Үсенбаев.)

Тиісті әріптер: і, е; е, і; е; ө.

2. Көп нүктенің орнына қандай дауысты дыбыстарды қойдыңдар?



107-жаттығу. 1. Суреттегі заттардың атын жазыңдар.



2. Бұл сөздердің жіңішке айтылғандығын байқаңдар.

3. Жіңішке дауысты дыбыстарды еске түсіріңдер.

108-жаттығу. 1. Жұмбақты дауыстап оқып, шешуін табыңдар.

Тікен-тікен киімін еш шешпейді,
Жыланың да алдын оның кеспейді.



2. Жіңішке дауысты дыбысы бар сөздердің астын сызыңдар.

109-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. Аппақ таң атты. 2. Жүз үйрек жүзіп жүр. 3. Айжан, Айдана, Маржан аула та-

залады. 4. Елің үшін сүйіне біл. 5. Жазда қар жауа ма? 6. Үміт түбіт түтті.

2. Қай сөйлемдердегі сөздер бірыңғай жіңішке дыбыстардан құралған?



110-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар. Сөздердің мағынасын айтып беріңдер.

Елбасы, елтаңба, қадір, қасиет, кітап, шекара, демалыс.

2. Бір сөздің құрамында қандай дауысты дыбыстар аралас келіп тұр?



Қ, К ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРЫ

111-жаттығу. 1. Сөздерді оқып, **қ** дауыссыз дыбысының астын сызыңдар.

Қар, қала, Қоқан, қоза, тарақ.

2. Сұраққа жауап беріңдер.

Аты **қ** әрпінен басталып, **қ** әрпіне аяқталатын қандай ұлттар бар?

Үлгі: қарақалпақ,

112-жаттығу. 1. Әліппелік жұмбақтың шешуін табыңдар.

Қарағай мен қылшаның
Тұрам ылғи басында.
Іздегенмен аршадан,
Табылмаймын расында.

2. Жуан айтылған сөздерді табыңдар.

3. Сөздерді буынға бөліп оқыңдар.

қарағай	қылша	арша	тоқылдақ
...-...-....	...-..	...-..	...-...-....



113-жаттығу. Суреттегі заттардың атын атап, буынға бөліп жазыңдар.



114-жаттығу. Көп нүктенің орнына қ дауыссыз дыбысын қойып жазыңдар.

...ант, ...анат, халы..., ...анағат, ...асқыр,
шынаша..., ...ұла..., ...алпа....

115-жаттығу. 1. Суреттегі заттардың атын атап, тұтас жазыңдар.



2. Көп нүктенің орнына **к** дауыссыз дыбысын қойып оқыңдар.

...ітап, ...ептер, ...өйлек, ...үрек.

116-жаттығу. 1. Өлеңді оқып, **қ, к** дыбыстары бар сөздерді көшіріп жазыңдар.

Мысық ішті

Сүттің бәрін ішіп кеп,
Аузын сүртті Жүсіпбек.
«Кім ішті?» — деп сұрап ек,
Жауап қатты: «Мысық!» — деп.

(Ф. Жұмақұлов.)

2. **К** дыбысының жіңішке айтылатынын аңғар. **Қар** — жуан айтылған сөз. **Кел** — жіңішке айтылған сөз. Екі сөзді салыстырыңдар.

117-жаттығу. 1. Жаңылтпашты тез оқыңдар. **Қ** дыбысы бар сөздерді табыңдар.

Қызғыш құс
Түзде ұшқыш.
Жүзгіш құс
Күзде ұшқыш.

(Ф. Жұмақұлов.)



2. **Қ** дыбысының жуан, **к** дыбысының жіңішке айтылатынын аңғарыңдар.

Ақ — әк, асқар — әскер, бұқ — бүк.



118-жаттығу. 1. Сұрақтарға жауап беріңдер:

Жылдың бірінші мезгілі не деп аталады?

Дүниені не арқылы көресің?

Арықты немен тартады?

2. Сөздерді оқып, **к** дауыссыз дыбысы бар сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Көз, кесе, жексенбі, көгершін, кеме, көл, еңбек, көбелек.




Қ, Ғ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЖУАН АЙТЫЛУЫ



Қ, Ғ — жуан айтылатын дауыссыз дыбыстар.

Мысалы: құлын, қызғалдақ, сандық, қағаз, ақ, жаға, шағала.

119-жаттығу. 1. Көшіріп жазып, **Қ, Ғ** дыбыстары бар сөздердің астын сызыңдар.



Мияуқаным, мысығым —
Тыным таппас пысығым.
Ырылдаса күшігім,
Зәресінің ұшуын.

(Б. Үсенбаев.)

2. *Мысығым, пысығым* сөздеріндегі **қ** дыбысының **ғ** дыбысына айналғанын аңғардыңдар ма?

3. Салыстырып оқыңдар:

Мысы**қ** — мысы**ғ**ым.

Пысы**қ** — пысы**ғ**ым.

120-жаттығу. Қ, Ғ дыбыстарының қандай буындарда келетініне көңіл аударыңдар.

1-буында немесе сөз басында	2-буында немесе ортасында	3-буында немесе сөз соңында
Қаз Қазан Қыс Ғалым Ғылым	балға Асқар соқа қағаз жалғыз	асқабақ тасқайрақ құмалақ жалбызға сылдырмағы


Сөз соңындағы **қ** дыбысынан (әрпінен) кейін дауысты дыбыс әріптері келсе, **қ** дыбысы **ғ** дыбысына (әрпіне) айналады: қазы **қ** — қазы **ғ**ы, қаза **қ** — қаза **ғ**ы, жұмба **қ** — жұмба **ғ**ы.

121-жаттығу. 1. Сөздерге **ы** дыбысын қосып оқыңдар.

Құлақ, бұлақ, шырақ, балық, жарық.

2. **Ы** дыбысын қосып оқығанда не байқадыңдар?

122-жаттығу. 1. Суреттегі заттардың атын жазыңдар.



Менің ...



Сенің ...
Сіздің ...



Оның ...

2. Тауық, қызғалдақ, ұшақ сөздерін жазған сөздеріңмен салыстырыңдар.

3. Қ дыбысының неліктен Ғ дыбысына айналғанын айтыңдар.



123-жаттығу. 1. Сөздердің соңындағы **Ы** әрпін алып тастап, көшіріп жазыңдар.

Шоғы, шопағы, шашағы, домалағы, аяғы, таяғы, шуағы.

Үлгі: шоғы — шоқ,

2. Сөз соңындағы өзгерістерді байқадыңдар ма?

3. Сөздің мағынасын түсініп көріңдер.



124-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына **қ**, **ғ** әріптерінің тиістісін қойып жазыңдар.

1. Бидайдың маса...ы. 2. Есіктің сы...ыры. 3. Үлкен бала... 4. Қараң...ы түн.

2. Қай сөздердегі **қ** әрпі **ғ** әрпіне айналған?

125-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына **қ**, **ғ** әріптерінің тиістісін қойып оқыңдар.

Адамның туыстық атаулары: ата, ана, апа, а...а, іні, на...ашы, ...ұда.

Адамның мамандықтарының атаулары: мұ...алім, ұш...ыш, ба...бан, ма...ташы, балы...шы.

2. **Қ**, **ғ** дыбыстарының жуан айтылғанын байқаңдар.

126-жаттығу. 1. Жаңылтпашты тез оқыңдар.

Шалабай шалғы шыңдамады. Шалғы шыңдамағаны — шалды тыңдамағаны.

(Б. Кірісбаев.)

2. Сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың бірыңғай жуан айтылғанын байқаңдар.



127-жаттығу. 1. Өлеңді оқыңдар.

Балада жоқ,
Торғайда бар.
Далада жоқ,
Тоғайда бар.

(F әрпі.)

2. **F** дыбысы бар сөздерді көшіріп жазыңдар.



К, Г ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЖІҢШКЕ АЙТЫЛУЫ



128-жаттығу. 1. **К, г** дыбыстарының қандай буындарда келетініне көңіл бөліңдер.

1-буында	2-буында	3-буында
көктем	өрік	дегелек
кірпі	терек	ебелек
кеме	төсек	дөңгелек
гүл	сүлгі	үйрегі
газет	сүргі	бүйрегі

Сөз соңындағы **к** дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, ол **к** дыбысы **г** дыбысына айналады: есі**к**—есі**г**і, төсе**к**—төсе**г**і, шеле**к**—шеле**г**і.

129-жаттығу. 1. Сөздерге **і** дыбысын қосып оқыңдар.

Көк, күшік, кіндік, кірпік, киік, елік, егістік.

2. Қосып оқығанда не байқадыңдар? Өзгерісті көрдіңдер ме?

3. Үлгіге қарап, сөздерді көшіріп жазыңдар.

Үлгі: Көк — көгі,



130-жаттығу. 1. Суреттегі заттардың атын жазыңдар.



Менің...



Сенің...

Сіздің...

Оның...

2. *Өрік, көйлек* сөздерін жазған сөздеріңмен салыстырыңдар.

3. **К** дыбысының қандай дыбысқа айналғанын айтыңдар.



131-жаттығу. 1. Сөздердің соңындағы **і** әрпін алып тастап, көшіріп жазыңдар.

Көйлегі, көбігі, көзілдірігі, кекілігі, жібегі, жілігі, киігі, иегі, кезегі, үйрегі.

Үлгі: Көйлегі — көйлек,

2. Сөз соңындағы өзгерістерді байқадыңдар ма?

3. Сөздің мағынасын түсіндіріп көріңдер.

132-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына **к, г** әріптерінің тиістісін қойып жазыңдар.

1. Сары көже... .

2. Қауынның түйне...і.

3. Көлі...ке мін.

4. Еденнің шүбере...і.

2. Қай сөздердегі **к** әрпі **г** әрпіне айналған?



133-жаттығу. 1. **К, г** әріптері бар сөздерді теріп жазыңдар.

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан — ер түріктің бесігі ғой.

(М. Жұмабаев.)

Үлгі: Түркістан,

2. *Есік, бесік* сөздерінің қандай өзгеріске ұшырағанын айтыңдар.

3. Мағжан Жұмабаев туралы білетін деректеріңді айтыңдар.



АДАМ АТЫ-ЖӨНІНІҢ БАС ӘРІПТЕН БАСТАП ЖАЗЫЛУЫ

134-жаттығу. 1. Мәтінді оқыңдар.

— Кім Ташкенттің биі болған?

— Төле Әлібекұлы.

— Кім Нұратада туылған?

— Әйтеке Байбекұлы.

— Кім халық суретшісі?

— Орал Таңсықбаев.

2. Осы мәтіндегі адамның аты-жөндерін сендер де бас әріптен бастап теріп жазыңдар.



Адам аттары барлық орындарда
бас әріптен бастап жазылады.

135-жаттығу. 1. Өлеңді оқыңдар. Адам аттарының жазылуына назар аударыңдар.

Жеткерген

Жеткерген-ай, Жеткерген,
Шын дос Баян, Бектермен.
Бәрін тастап қашады
Бір ит шықса бөктерден.

Жеткерген-ай, Жеткерген,
Бір қылығы жек көрген:
Өзінікі қалтада,
Өзгенікін жеп берген!..

2. Неше адам аты аталған?

3. Неше адамның аттары қайталанып тұр?

4. Сөйлемнің басында, ортасында және аяғында бас әріппен жазылған сөздерді атаңдар.



136-жаттығу. 1. Берілген сөздерден сөйлем құраңдар.

1. Әйгілі, суретші, Орал Таңсықбаев —.

2. Батыр Закиров —, әнші, жақсы.

3. Ақыны, балалар, Тұрсынбай Адашбаев —.

4. Алды Айтуар Сабыров, жүлде.

2. Бас әріппен жазылған кісі аты-жөнде-рінің астын сызыңдар.

3. Бұл суретші атамыздың суретін көріп, өнші атамыздың әндерін естіп, ақын ағаларымыздың өлеңдерін оқығансыңдар ма?



ЖАН-ЖАНУАРЛАР АТТАРЫНЫҢ БАС ӘРІПТЕН БАСТАП ЖАЗЫЛУЫ

Жан-жануарлар аттары бас әріппен жазылады.

137-жаттығу. 1. Мәтінді оқыңдар.

Қорқақ

Менің ақ үркек қояным бар. Ол көрші үйлердің Ақтөбет, Байқасқа, Тарпаң, Ақазу дейтін иттерінен сұмдық қорқады. Сондықтан да оны «Қорқақ» деп шақырамыз.

«Қорқақ» биыл едәуір өсті.

2. Иттер мен қоян аттарын теріп жазыңдар.

138-жаттығу. 1. Сұрауларға жауап беріңдер.

1. Аттарыңның аты не?

2. Сиырыңның аты не?

(Ақбоз, Байқоңыр.)

2. Жан-жануарлар аттарының бас әріптен бастап жазылатынына көңіл бөліңдер.



ЖЕР АТТАРЫНЫҢ БАС ӘРІПТЕН БАСТАП ЖАЗЫЛУЫ

Жер-су аттары бас әріптен бастап жазылады.

139-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазыңдар.

1. Еліміздің астанасы — ...ашкент қаласы.

2. ...ұхара — Әбу Әли ибн Сина туылған көне қала.

3. Мұнарасы көп қала — ...ргеніш қаласы.

4. ...ндіжан — әсем, ауасы таза қала.

Тиісті әріптер: Т, Б, Ү, Ә.

2. Жер-су аттарының бас әріптен бастап жазылатынына көңіл бөліңдер.

140-жаттығу. 1. Сөздерді алфавиттік тәртіппен көшіріңдер.

Абхазия, Америка, Болгария, Венгрия, Греция, Дания, Дағыстан, Жапония, Замбия, Карелия, Қазақстан, Латвия, Мысыр.

2. Ел аттарын қай әріптен бастап жаздыңдар?

3. Осынау сөздерді қатыстырып, төрт сөйлем жазыңдар.

141-жаттығу. Көп нүктенің орнына өздерің жасайтын облыс, аудан, ауыл, көше атын жазыңдар.

Мен ... облысында жасаймын. Ауданымыздың аты — Аулымызды ... деп атайды. ... атындағы көше — түзу көше.





СӨЗ

Сөз дыбыстан құралады: а-р, а-р-а, а-р-а-л-а-р.

142-жаттығу. 1. Мәтінді кезектесіп оқыңдар.

- Бұл кім?
- Бұл — **адам**.
- Ол қандай адам?
- Ол — **қарт** адам.
- Қарт адам нешеу?
- Қарт адам біреу.
- Қарт адам қайтеді?
- Қарт адам **тынығады**.

2. *Адам, қарт, біреу, тынығады* деген сөздер мағыналық жақтан басқа-басқа ұғым беретінін аңғарыңдар.

143-жаттығу. 1. Мына сөздердің жанына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазыңдар.

Көк, терең, биік, үш.

Керекті сөздер: аспан, арық, үй, кітап.

Үлгі: көк аспан,

2. Көк, аспан, үш, үй сөздеріне сұрақ қойыңдар.

144-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. Бала ойнады.
2. Тасбақа жүрді.
3. Бес дәптер.

2. Осы сөздерге сұрақ қойыңдар.

3. *Бала, тасбақа, бес* сөздерінің мағынасы қандай?



145-жаттығу. 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар.

Домбыра — домбырашы.

Балық — балықшы.

Ән — әнші.

Қой — қойшы.

2. Сөздердің әрқайсысының мағынасы әр басқа екенін байқадыңдар ма?

3. Көшіріп жазыңдар.





КІМ? НЕ? СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРЕТІН СӨЗДЕР

146-жаттығу. 1. Суретте бейнеленген адам аттарын атаңдар.



Кім?

Кім?

Кім?

2. *Ата, ана, бала* сөздерін қатыстырып үш сөйлем құраңдар.

3. Бұл сөздер қандай сұрақтарға жауап беріп тұр?

Бір адамға *кім?*, көп адамға *кімдер?* сұрағы қойылады.

147-жаттығу. 1. Сөздерді көшіріп жазыңдар.

кім?

Оқытушы

Дәрігер

кімдер?

— оқытушылар.

— дәрігерлер.

Әнші — әншілер.
Ұста — ұсталар.


2. Кім? деп сұрақ қойылған сөзді кімдер? деп сұрақ қойылған сөздермен салыстырыңдар. Қандай айырмашылықты байқадыңдар?

Заттың атын білдіретін сөздер *кім? кімдер? не? нелер?* сұрақтарына жауап болады.

Адамға *кім? кімдер?*, жануарлар мен заттарға *не? нелер?* сұрақтары қойылады.



148-жаттығу. 1. Суретте бейнеленген заттардың аттарын атаңдар.



Не?



Не?



Не?



Не?

2. Қоян мен сәбіз, кірпі мен алмалар сөздерін қатыстырып 3 сөйлем құраңдар.

Үлгі: Бұл — қоян.



149-жаттығу. 1. Мәтінді оқып шығыңдар.

Айсұлу мен Әсет, Саржан мен Біржандар сабақты үнемі жақсы оқиды. Оларды мектептің барлық оқушылары жақсы көреді. Айнаш пен Айдар домбыра тартады. Ербол мен Болат ән салады. Еркін — жақсы палуан.

2. Адам аттарының астын сызыңдар. Оның үстіне тиісті сұрақтарын жазыңдар.

кім?

Үлгі: Еркін

150-жаттығу. 1. Суреттегілердің аттарын сөзбен жазыңдар.

1.



ұшып барады.

2.




— жыртқыш аң.

3. Бұл —



4. Ала



жайылып жүр.

2. Аралар, қасқыр, аю, сиыр сөздерінің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

не?

Үлгі: сиыр,

151-жаттығу. 1. Сөздерді үлгі бойынша көшіріп жазыңдар.

Ата, теңіз, әже, өзендер, әке, дария, аналар, көл, аға бұлақ, қарындас, іні, канал.

Үлгі: 1. Туыстық атаулар: Ата,

2. Су аттары: Теңіз,

2. Қай атаулар қандай сұраққа жауап болатынын айтыңдар.



152-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді үлгідегідей етіп жазыңдар.

...сайрайды. ...шырылдайды. ...
ұшады. ... қарқылдайды. ... шақырады. ...
ысылдайды. ... бақылдайды.

не?

Үлгі: Бақа бақылдайды.

Тиісті сөздер: бұлбұл, шымшық, құс, қарға, өтеш, жылан.





ҚАНДАЙ? ҚАЙ? СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРЕТІН СӨЗДЕР

153-жаттығу. 1. Суреттегі заттардың атын атаңдар.



2. Қызанақ, бақлажан, сәбіз, қиярлардың түсі мен дәмі қандай?

3. Осы сөздерге сұрақ қойыңдар.

154-жаттығу. Көп нүктенің орнына *қандай? қай?* сұрақтарына жауап болатын сөздердің тиістісін қойып жазыңдар.

1. ... үй.

2. ... гүл.

3. ... су.

4. ... түлкі.

5. ... аспан.

6. ... кітап.

Тиісті сөздер: үлкен, қызыл, таза, қу, ашық, қалың.

Үлгі: Қалың кітап,

Қандай? қай? сұрақтарына жауап болған сөздер заттың түрін, түсін және көлемін білдіреді.

155-жаттығу. 1. Мына сөздердің тұсына қарсы мәндегі сөздерді тауып жазыңдар.

Ақ —	Ыстық —	Қараңғы —
Жұмсақ —	Қатты —	Кір —

Үлгі: Қараңғы — жарық.

2. *Қандай? қай?* сұрақтарына жауап болған сөздердің астын сызыңдар.



156-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына *қандай? қай?* сұрақтарына жауап болатын сөздерді қойып жазыңдар.

... мектеп, ... сынып, ... бөлме, ... қоңырау, ... дәптер, ... бор.

Үлгі: Жаңа мектеп,

Тиісті сөздер: қалың, жаңа, жарық, үлкен, таза, аппақ.

2. *Кім? не?* сұрақтарына жауап болатын сөздердің астын бір, *қандай? қай?* сұрақтарына жауап болатын сөздердің астын екі сызыңдар.



157-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерге жақша ішіндегі сөздердің лайықтысын тіркеп жазыңдар.

Асау (қоян). Қызыл (арық). Ыстық (бұлт). Үркек (өзен). Үлкен (тіл). Сұр (су).

Үлгі: Асау өзен, қызыл тіл.

2. Әр сөзге тиісті сұрақ қойыңдар.



ҚАНША? НЕШЕ? СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРЕТІН СӨЗДЕР

158-жаттығу. 1. Суретте бейнеленген заттардың санын анықтау үшін қандай сұрақ қоюға болады?



2. Жауаптарыңды жазыңдар.

Үлгі: Неше шәйнек? — бір шәйнек.

159-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Үш өрік. 2. Бес тал. 3. Алты қаз.
4. Он мектеп. 5. Он бір дәптер.

2. Қай сөзге қанша? неше? деген сұрақ қоюға болатынын айтыңдар.

160-жаттығу. 1. Сандар қатарын сөзбен жазыңдар.

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

2. 1-ден 2 сан аттағаннан соңғы сөздерді қатыстырып 3 сөйлем құраңдар.



161-жаттығу. 1. Өлеңді оқып шығып, *қанша? нешеу?* сұрағына жауап болатын сөздердің астын сызыңдар.

Жаңа ғана шалғында
Алты бұзау жүр еді.
Әлде шаршап қалды ма,
Жатып қапты біреуі.

Нешеуі енді жайылып
Жүргенін айт айырып.

2. *Алты, біреуі, бесеуі* деген сөздерге қандай сұрақ қойылады?



Қанша? неше? сұрақтарына жауап болатын сөздер заттың саны мен ретін білдіреді: бір, екі, екінші, үшеуі.

162-жаттығу. 1. Мақалдарды көшіріп жазыңдар.

1. Жақсы атқа бір қамшы.
2. Ат төрт аяғы болса да қағылады.
3. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.
4. Санамай сегіз деме.

2. Санды білдіріп тұрған сөздердің астын сызыңдар. Олардың өзінен кейінгі қай сөзбен байланысып тұрғанын айтыңдар.

163-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті сандарды қойып, көшіріп жазыңдар.

1 аптада ... (қанша?) күн бар.

1 жылда ... (неше?) мезгіл бар.

1 жылда ... (неше?) ай бар.

2. *Жеті, төрт, он екі* деген сөздер қандай мағынаны білдіріп тұр?

164-жаттығу. 1. Салыстырып оқыңдар.

Неше?

Бес қатар

Алты ай

Жеті күн.

Он бала.

Нешінші?

Бесінші қатар

Алтыншы ай

Жетінші күн.

Оныншы бала.

2. Қандай айырмашылықты байқадыңдар?



165-жаттығу. Суреттің орнына заттың аты мен санын білдіріп тұрған сөздерді жазыңдар.

1. Мынау неше  ?

2. Үйіңде неше  бар?


3. Мынау неше  ?



НЕ ІСТЕДІ? ҚАЙТТИ? НЕ ҚЫЛДЫ? СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРЕТІН СӨЗДЕР



166-жаттығу. 1. Суретке қараңдар. Кім не істеп жатыр?



2. Балалардың не істеп жатқанын білдіретін қимыл атауын (сөзді) айтыңдар. Ол сөздер қандай сұраққа жауап береді?

3. Үш сөйлем жазыңдар.

167-жаттығу. 1. Жұмбақтарды оқып, шешуін табыңдар.

Тақылдатып **таңдайды,**
Уақыттан бір **қалмайды.** (□□□□□.)

Гүлден шырын **алады,**
Құйрығымен **шағады.** (□□□.)

(Байбота Серікбайұлы.)

2. Қарамен жазылған сөздер қандай сұрақтарға жауап беретінін айтыңдар.

3. *Таңдайды, қалмайды, алады, шағады* сөздерінің мағынасын қалай түсінесіңдер?

Не істеді? қайтті? не қылды? сұрақтарына жауап болатын сөздер заттардың қимылын және іс-әрекетін білдіреді.

168-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. Боран борады. 2. Жел есті. 3. Дауыл соқты. 4. Шаң көтерілді. 5. Бұлт тараяды. 6. Күн көрінді.

2. Қимыл-әрекетті білдірген сөздердің астын сызыңдар. Ол сөздер қандай сұрақтарға жауап беріп тұр?



169-жаттығу. 1. Көшіріп жазыңдар.

Шыбын ызыңдайды. Сона ызылдайды. Жылан ысылдайды. Аю ақырады. Мысық бырылдайды. Қой, ешкі маңырайды.





2. Жануарлардың әрекетін білдіріп тұрған сөздердің астын екі рет сызыңдар. Олардың қай сөзбен байланысып тұрғанын айтыңдар.

3. Не? сұрағына жауап болған сөздердің астын бір рет сызыңдар.

Үлгі: Қой, ешкі маңырайды.



Не істеді? қайтті? не қылды? деген сұрақтарға бір сөз де, екі-үш сөз де жауап болады: жүзді — жүзе бастады, секірді — секіріп болды.

170-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқып шығыңдар.

1. Серік Беріктің қолын ұстай алды.
2. Мәрияш үйіне қарай жүгіре жөнелді.
3. Алдымыздан машина шыға келді.
4. Мәжитті Сәкен батпақтан шығарып алды.
5. Оқушылар мектептен келе жатыр.

2. Қимыл-әрекетті білдіріп тұрған сөздердің астын екі рет сызыңдар. Салыстырыңдар: ұстады — ұстай алды, жүгірді — жүгіре жөнелді,

171-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді қойып көшіріңдер.

Ауа ... (қайтеді?). От ... (қайтеді?).
Жез ... (қайтеді?). Қайық ... (қайтеді?).
Теңіз ... (қайтеді?). Балмұздақ өзімнен ... (қайтеді?).

Тиісті сөздер: салқындайды, жалқындайды, жалтылдайды, қалтылдайды, тартылмайды, артылмайды.


Үлгі: Ауа салқындайды (қайтеді?).

2. *Салқындайды, жалқындайды, жалтылдайды, қалтылдайды, тартылмайды, артылмайды* сөздері қай сөзбен байланысып тұр?



172-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңдар.

Әй керемет бір ит бар,
Үй бағады, ...
Аяғы жоқ, ...
Рұқсатсыз ол иттен
Адам үйге ...



Керекті сөздер: үрмейді, жүрмейді, кірмейді.

2. Қимылды білдіретін осы сөздерге сұрақ қойыңдар. Астын екі рет сызыңдар.



СӨЙЛЕМ

Адамдар бір ойды білдіру үшін сөйлейді.

- Ал сол сөйлеу неден тұрады?
- Сөйлеу сөйлемнен тұрады.
- Сөйлем неден тұрады?
- Сөйлем сөзден тұрады.

173-жаттығу. 1. Бағанның екі жағындағы сөздерді салыстырыңдар.

Сөйлем емес	Сөйлем
Ыстық нан	Ыстық нан жедік
Тәтті шай	Тәтті шай іштік
Бірінші сынып	Бірінші сыныпта оқимын
Бұлбұлдың даусы	Бұлбұлдың даусы естілді

2. Бірінші бағандағы сөздер аяқталған ойды білдірмейді.

3. Екінші бағандағы сөздер аяқталған ойды білдіріп тұр.

Сөйлем соңында дауыс бәсеңдейді.
Сөйлемдегі әр сөз бөлек жазылады.

174-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

Күн шықты. Қар ереді. Арықтар суға толды. Құстар қайта бастады.

2. Әр сөйлем қандай ойды білдіріп тұр?

3. Әр сөйлем қандай әріптен бастап жазылыпты?



175-жаттығу. Әр сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгіні қойып жазыңдар.

Перизат аула сыпырды Айдос мал бақты Олардың екеуі де — әдепті оқушылар



Сөйлем сөздерден құралады.

Әр сөйлемнің соңында өзіне тиісті тыныс белгілері (үтір, сұрақ, леп, нүкте) қойылады.



176-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Жаңбыр жауды. Гүлдер жайқалды.
Торғайлар шырылдады. Көбелектер ұшты.

2. Бұл мәтінде неше сөйлем бар?

3. 1-сөйлемде не туралы айтылып тұр?

4. Әр сөйлемде неше сөз бар?



177-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына қалып кеткен әріптерді қойып жазыңдар.

...ібек әкесін құрметтейді. ...ның қашан жұмыстан келуін күтеді. ...л әкесінің қолына су құяды. ...кесі оған алғыс айтады.

Қалып кеткен әріптер: Ж, О, О, Ә.

2. Не үшін бұл әріптерді бас әріптен бастап жазғандарыңның себебін айтыңдар.

178-жаттығу. 1. Мақалдарды кідіріс жасап оқыңдар.


Кітап — білім бұлағы. Білім — өмір шырағы.

2. Мақалдардағы сөздерде неше дыбыс, неше әріп бар?

3. Сөйлем соңында қандай тыныс белгісі қойылған?



179-жаттығу. 1. Сурет бойынша әңгіме құрастырыңдар.



Менің әкем — ... Апам дәріханада...
Ол науқастарды... Апам дәрі...

2. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.

Тиісті сөздер: дәрігер, емдейді, істейді, береді.





ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ

180-жаттығу. 1. Сөйлем аяқталған жерге нүкте қойып, мәтінді көшіріңдер.

Шіл

Шіл — тауық тәрізді құс Олар шыршалы ормандарда мекендейді Шілді атуға болмайды Шіл де — табиғат сыйы

2. Мәтінде қай құстың жайы хабарланып отыр?

3. *Олар, Шілді, Шіл* сөздері не үшін бас әріппен жазылған?

181-жаттығу. Жұмбақты қатесіз көшіріңдер.

Құлағдар қып дүниенің ісінен,
Тіршілікті мәнді етер.
Қобдиша мен қораптың-ақ ішінен
Таң атқанша әндетер.



(P ● ● ● ● .)



Өлеңнің әр жолы бас әріптен бастап жазылады.

Бір нәрсенің не болған жайын хабарлап тұрған сөйлемді *хабарлы сөйлем* дейміз.

Хабарлы сөйлемнің соңына нүкте (.) қойылады.

182-жаттығу. 1. Өлеңде қалып кеткен тыныс белгіні қойып көшіріп жазыңдар.

Ас біткеннің ардақты анасы — нан,
Нан көрінер бар астың арасынан
Қоқымын да түсірмей қорға оны,
Артық көріп көзіңнің қарасынан

2. Өлеңге ат қойыңдар.

183-жаттығу. 1. Өлеңді оқып шығыңдар.

Мынау — қызыл қарындаш,
Мұнымен гүлді бояймын.
Мынау — көк қарындаш,
Мұнымен суды бояймын.

(Ұ. Есдәулетов)

2. Өлеңге ат қойыңдар.

3. Өлеңде ненің жайы хабарланып тұр?



СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ



184-жаттығу. 1. Мәтінді кезектесіп оқыңдар.

— Суреттегілер кім?

— Білмейсің бе?

— Жоқ, білмедім.

— Бұлар — Айдана мен Арман.

— Ол екеуінің қолындағы не?

— Кітап.

— Кітабыңдағы ертегілер қызық па?

— Өте қызық.

— Немене, сен де сол кітапты оқығансың ба?

— Иә, оқығанмын.

2. Сұрай айтылған сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Үлгі: Суреттегілер кім?

185-жаттығу. 1. Сөйлемдерді мәнерлеп оқыңдар.

Қыс суық, жаз ыстық па?

Күн жарық, түн қараңғы ма?
Қар ақ, көмір қара ма?
Тас ауыр, қауырсын жеңіл ме?

2. Сөйлемнің соңында қай тыныс белгісі қойылған?

Жауап алу мақсатында айтылған сөйлемді **сұраулы сөйлем** дейміз. Сұраулы сөйлем соңына сұрау белгісі (?) қойылады.

Мысалы: *Күн шықты ма?*



186-жаттығу. Өлеңді кезектесіп оқыңдар. Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар.

- Екі көзің не үшін керек...
- Жақсыларды көру үшін.
- Екі қолың не үшін керек...
- Елге көмек беру үшін.



Ма, ме, па, пе, ба, бе дейтін мағынасы жоқ сөздер сұраулы сөйлем жасайды: 1. Кітабың бар ма? 2. Абзал келді ме? 3. Кіруге рұқсат па?

187-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Бөрік біреу,
Өрік бесеу,
Жиыны нешеу?
Шай екеу,
Май екеу,
Жиыны нешеу?

(Т. Еділбаев.)

2. Сұраулы сөйлем жасап тұрған сөздердің астын сызыңдар.

188-жаттығу. Көп нүктенің орнына *па, пе, ма, ме, ба, бе* сөздерінің тиістісін қойып, хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырыңдар.

1. Ана көрінген ат 2. Сен сабаққа барасың 3. Күн бұлтты емес
4. Ағаң үйде



189-жаттығу. 1. Сөйлемнің соңындағы мағынасы жоқ *ба, ма, ме, бе* сөздерін алып тастап, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Біз үлгілі оқушы боламыз ба?

2. Ата-анаға көмек береміз бе?
3. Ерте тұрған жақсы ма?
4. Ән үйренгің келеді ме?

2. Сөйлемнің соңына қай тыныс белгісін қойдыңдар?

3. Сұраулы сөйлем қай сөйлемге айналды?



ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ



190-жаттығу. 1. Кезектесіп оқыңдар.

- Біріншіден, не жаман?
— Беті-қолың кір-кір боп,
Берекесіз ыржақтап,
Бейбастақ өссең, сол жаман!
— Біріншіден, не жақсы?
— Биязы мінез, тіл алғыш,
Бал-бұл жанып жүретін
Бауырмалдық сол жақсы!

(С. Оспанов.)

2. Көтеріңкі дауыспен айтылған сөйлемдерді айт. Оның тыныс белгісіне көңіл бөліңдер.

3. Осы өлеңде сұраулы сөйлемдер бар ма?

4. Өлеңге не деп ат қояр едіңдер?

Адамның, бір нәрсенің көңіл-күйін білдіретін сөйлемдерді *лепті сөйлем* дейміз. Көтеріңкі дауыспен айтылатындықтан лепті сөйлемнің соңына ! (леп) белгісі, таңбасы қойылады.

191-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына (!) леп белгісін қойып, көшіріп жазыңдар.

1. Кемені кейін бұр... 2. Әй, тоқтаңдар ... 3. Тез, тезірек... 4. Былай тұр... 5. Кет әрі...

2. Сөйлемдердің бәрі де көтеріңкі дауыспен айтылғанын аңғарыңдар.



192-жаттығу. 1. Лепті сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Ибалы, иманды бол! Қуаныштарың құтты болсын! Құдай жарылқасын! Талабың оң болсын! Тыныштығын берсін! Көп жаса!

2. Леп белгісінің қойылу себебін түсіндіріңдер.





СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ

193-жаттығу. 1. Екі бағандағы сөздерді оқып, салыстырыңдар.

Су, түкірме.
Күй, домбыра,
орындайды.
Үй, кірпіш,
көтерілді.

Суға түкірме.
Күйді домбырада
орындайды.
Үй кірпіштен
көтеріледі.

2. Қай сөздер өзгеріске ұшырады?

3. Қай бағандағы сөздер түсінікті жазылып тұр?

4. Екінші бағандағы сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Сөздер бір-бірімен қосымшалар арқылы байланысады.

194-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына *-де, -ден, -ді, -ті, -дың* қосымшаларын қойып жазыңдар.

Көктем... көшет ектік. Сол көшеттерді үй... әкелдік. Көшет егіп болған соң кетпен..., күрек... тазалап қойдық.


Ағай... қуанышында шек жоқ.

2. Көктемде, үйден, кетпенді, күректі, ағайдың дейтін сөздер өзінен кейінгі қай сөздермен байланысып тұр?

3. Мәтінге ат қойыңдар.



195-жаттығу. 1. Суретке қараңдар. Көп нүктенің орнына *-да, -та, -ға, -н* қосымшаларын қойып, көшіріп жазыңдар.



1. Қала... көліктер көп. 2. Бұрыш... бағдаршам бар. 3. Ана бағдаршам... қарап аялдап тұр. 4. Жол ережесі... білген қандай жақсы.

2. Сөйлемдегі сөздер қай қосымшалар арқылы байланысқан?

196-жаттығу. 1. Дауысты дыбыстан басталған адам аттарын бағанның сол жағына, дауыссыз дыбыстан басталған адам аттарын оң жағына жазыңдар.

Амангелді, Бақыт, Әмзе, Дидарбек, Дәурен, Есенғали, Исрайыл, Тұманбай,

Ораз, Мұқағали, Ырысты, Нармахан, Ілияс, Фариза.

Үлгі:

Амангелді | Бақыт

2. Әріп — ненің таңбасы?



ҚАЙТАЛАУ

197-жаттығу. 1. Сөйлемнің бірінші сөзін бас әріптен бастап жазыңдар. Соңынан тыныс белгісін қойыңдар.

әркімнің ата-бабасы бар олардың туылған жері де — туған жер өзіңнің туып-өскен жерің де — туған жер туған жерден қасиетті, қымбат ештеңе жоқ

2. Сөйлем дегеніміз не? Сөйлем неден құралады?

3. Сөйлемнің соңына қандай тыныс белгілері қойылады?

4. Соңғы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырыңдар.

Сөйлем аяқталған соң нүкте (.) қойылады. Әр сөйлем бас әріптен бастап жазылады.

198-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді жоғарыда оқыған ережеге орай жазыңдар.

...йназ — әнші қыз. ...л домбыра тартады. ...із сонда оның өнеріне қол соғамыз. ...үй тартқан қандай тамаша. ...нді мен де домбыра тартамын.

Тиісті әріптер: б, о, к, а, е.

199-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.



... .. құдың көбелек,
... .. құдым көбелек.
... .. екен керемет,
Ұстатпады, не керек?!

(Ә. Дәуренбеков.)

Тиісті сөздер: Мен де, Сен де, Жүйрік.

2. Бас әріппен жазған сөздеріңнің астын сызыңдар.

3. Соңғы сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылған?

4. Өлеңге ат қойыңдар.

200-жаттығу. 1. Буынға бөлінген сөздерді біріктіріп жазыңдар.

Әдептілік

Рұқ-сат-сыз бақ-ша-ға
Ба-қыт тіп-ті бар-май-ды.
Көрнеу қойған ақ-ша-ға
Суық қолын салмайды.

(Ө. Өмірзақов.)

2. Әр сөзде неше буын бар екен?

3. Үш буынды сөздердің астын сызыңдар.

201-жаттығу. 1. Өлеңді оқып шығыңдар.

Тілек

Келе жатыр толып ес,
Күнделікте — толы «бес».

Науайы мен Абайдай
Шын азамат болып өс!

(М. Омарұлы.)

2. Асты сызылған сөздерді буынға бөліп, теріп жазыңдар.

3. Бір буынды сөздер қайсылар?

202-жаттығу. 1. Сөздерді буынға бөліп оқыңдар.

А-сыр са-лып ба-ла-дай
Зыр жү-гі-ріп а-ға-ды.
Ақ сүт бер-ген а-на-дай
Су-сын-да-тар да-ла-ны.

2. Әр сөзде неше буын бар екенін қай дыбысқа қарап білеміз?

3. Өлеңге ат қойыңдар.

203-жаттығу. Төмендегі сөздерді үлгіде-гідей етіп тасымалдаңдар.

Жылқышылар. Мақташылар. Балықшылар.

Үлгі:

ба-лық балық-шы балықшы-лар

204-жаттығу. Берілген сұрақтарға жауап айтыңдар.

1. *А, о, ы, ұ* дыбыстары қандай дыбыстар?

2. Бұларға ұқсайтын дыбыстарды айтыңдар?

3. *А, о, ы, ұ* дыбыстары бар сөздер жуан айтылған сөздерге жата ма әлде жіңішке айтылған сөздерге жата ма?

205-жаттығу. Берілген сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Жіңішке дауысты дыбыстар мен әріптер қайсылар?

2. Сөздер қай себептен жіңішке айтылады?

206-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Отан

Отан — халық жүрегі,
Әр кеудеде тұр ұрып.

Анаң болып күледі.
Келе жатсаң жүгіріп.

(Б. Қозыкеев.)

2. *Отан* сөзі қай сөзбен салыстырылып, теңеу ретінде алынып тұр?

3. *Ана*, *Отан* сөздері жуан айтылған сөздер ме әлде жіңішке айтылған сөздер ме?

4. Жіңішке айтылған сөздердің астын сызыңдар.

207-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгілерді қойып жазыңдар.

Масқара!

—Қой, налыма, балдырған,
Кім көңліңді қалдырған...

—Тындырмадым бір істі,
Көкем кейін ұрысты...

—Қой, налыма, балдырған,
Кім көңліңді қалдырған...

—Үлгілі едім басқаға,
«Үш» ап қалдым, масқара...

(К. Әмірбеков.)

2. Сұраулы сөйлемдердің астын сызыңдар.

3. Бір нәрсенің себебін түсіндіріп, хабарлап тұрған сөйлемдер қайсылар?

4. *Хабарлы, сұраулы* сөйлемдердің тыныс белгісін айтыңдар.

208-жаттығу. 1. Өлеңді оқыңдар. Бұл өлеңде не туралы айтылған?

Туған елдің ұлымын

Қуат алған өзінен
Туған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін.

(А. Сәрсеков.)

2. *Қуат, Туған, Бақытты, Отанымның* сөздері не үшін бас әріптен бастап жазылған?

3. *Ұлымын, гүлімін* сөздерінің жазылуына, мағынасына көңіл бөліңдер.

4. Өлеңдегі екі буынды сөздерді дыбысқа, буынға талдаңдар.

МАЗМҰНЫ

Ана тілім	3
Дыбыс пен әріп	5
Әріп — дыбыстардың таңбасы	11
Жуан дауысты дыбыстар мен әріптер	16
Жіңішке дауысты дыбыстар мен әріптер	18
Дауыссыз дыбыс әріптері	25
Кіші әріп пен бас әріп	26
Бас әріптен бастап жазылатын сөздер	28
Буын	30
Тасымал	36
А, ә дауысты дыбыстары	37
О, ө дауысты дыбыстары	42
Ы, і дауысты дыбыстары	46
Ұ, ү дауысты дыбыстары	49
Жуан айтылатын сөздер	53
Жіңішке айтылатын сөздер	55
Қ, қ дауыссыз дыбыстары	58
Қ, ғ дауыссыз дыбыстарының жуан айтылуы	62

К, г дауыссыз дыбыстарының жіңішке айтылуы	66
Адам аты-жөнінің бас әріптен бастап жазылуы	69
Жан-жануарлар аттарының бас әріптен бастап жазылуы	71
Жер аттарының бас әріптен бастап жазылуы	72
Сөз	74
Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздер	76
Қандай? қай? сұрақтарына жауап беретін сөздер	80
Қанша? неше? сұрақтарына жауап беретін сөздер	82
Не істеді? қайтті? не қылды? сұрақтарына жауап беретін сөздер	86
Сөйлем	90
Хабарлы сөйлем	94
Сұраулы сөйлем	96
Лепті сөйлем	99
Сөйлемдегі сөздердің байланысы	101
Қайталау	103

Umarov Mahkamboy.
U-58 Ona tili: Umumiy o'рта ta'lim maktablarining 1-sinfi uchun darslik
/ M. Umarov. Uchinchi nashr. — T.: «O'zbekiston», 2013. — 112 b.

ISBN 978-9943-01-048-2

UO'K: 811.512.122(075)
372.881.1(075)
KBK: 81.2 Qoz-9

O'quv nashri

Mahkamboy Umarov

ONA TILI

Umumiy o'рта ta'lim maktablarining 1-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Uchinchi nashr

Суретші *Г. Шоабдурахимова*
Редакторы *Г. Нишанова*
Керкемдеуші редакторы *Х. Мехмонов*
Кіші редакторы *Д. Холматова*
Техникалық редакторы *Д. Габдрахманова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы AI №158, 14.08.09.

Басуға 2013 жыл 22 майда рұқсат етілді. Пішімі 70×90¹/₁₆.

Офсеттік әдіспен басылды. «Pragmatica Kazakh» гарнитурасы.

Кеглі 16, 18. Шартты баспа табағы 8,19. Есептік баспа табағы 8,50.

Таралымы 6225 дана. Тапсырыс № 13-143.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz